

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы 23-апта

Білім беру ұйымы: «Дән» бөбекжайы МКҚК

Топ: Әр түрлі жастағы «Балдырған» тобы

Балалардың жасы: 3,4.

Жоспардың құрылу кезеңі 03.02-07.02.2025

Тәрбиешілер: Асылбекова Ж.Е., Калиакпарова Б.Р.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 03.02.2025	Сейсенбі 04.02.2025	Сәрсенбі 05.02.2025	Бейсенбі 06.02.2025	Жұма 07.02.2025
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Ойын орталықтарындағы балалардың еркін ойындары, қысқы ауа-райы, ойыншықтар, демалыс күндері, алдағы күн туралы сөйлесеміз, балалардың тілектерін тыңдаймыз. (сөйлеу белсенділігін дамыту-сұрақтарға жауап беру, басқалардың сөйлеуін есту және тыңдау қабілеті, коммуникативті, ойын әрекеті арқылы) Сөздік қоры: Сәлеметсіз бе, Сәлеметсіздер ме!				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен балалардың денсаулығы, ауа-райы, киінуі бойынша әңгімелесу. Баланың жағдайы, денсаулығы туралы, баланың үйдегі күн тәртібі туралы, тәрбиесі туралы, жаңадан келген балалардың бейімделу кезеңі туралы сұрақтар бойынша ата-аналармен жеке әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	<p>Шаттық шеңбер. (музыка-ойын әрекеті арқылы музыканың айтылу сипатына сәйкес музыкалық қозғалыстар жасау.) Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік!</p> <p>Әңгімелесу: «Жануарлар қысқа қалай дайындалады?» (танымдық, ойын әрекеті арқылы қоршаған ортамен танысу) Міндеті: Сурет бойынша сөйлем құрастыруға байланыстырып сөйлеуге үйрету. Сұрақтарға жауап беруде, өз ойын дұрыс жеткізе білуге баулу. Сөзді естіп оны есте сақтай алу қабілеттерін дамыту. Сөздік қоры: мықты, күшті. Апталық тақпақ: (көркем әдебиет - өлеңнің мазмұнын түсінеді) Ақ қоян да ақ қардай, Қыс түссе-ақ өзгереді. Табиғатқа сай болып, Ақ тонын тез киеді.</p>				

	Еңбек: табиғат бұрышында, ойын бұрышында, шығармашылық бұрышында . Мақсаты: табиғат бұрышындағы өсімдіктерге, балықтар мен тасбақаларға күтім жасауға көмектеседі, тәрбиешіге аквариумға күтім жасауда қолдан келгенше көмек көрсетеді, ойын бұрышында тәртіпті сақтайды және ойыншықтар жинауға көмектеседі.				
Ертеңгілік жаттығу	№ 23. Таңғы жаттығу кешені (физикалық белсенділікті дамыту) "Көңілді жаттығу"				
Таңғы ас	Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою) тақпақ: (көркем әдебиет - өлеңнің мазмұнын түсінеді) Жасамас үшін ағаттық, Тыңда ақылды, қабылдап. Алдында ішер тамақтың, Қолыңды жу сабындап (көркем сөзін қолдану) Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; әдептілікті сақтау; Балалардың ұқыптылығын бағалау. Сөздік қоры: Рақмет.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Д/ойын: «Қысқы киімдерді тап» Міндеті: Қыс мезгіліндегі киімдерді тану, ажырата білуге үйрету.	Саусақ жаттығулары: «Қар бүршіктері» Міндеті: Балалардың саусақ қимыл-қозғалыстарын жетілдіру, қағазды уағжайлау арқылы қар бүршіктерін жасауға болатынын түсіндіру.	Д/ойын: «Кім қайда тұрады?» Міндеті: Жануарлар дүниесінің (жабайы, үй жануарлары) бастапқы классификациясы туралы балалардың түсінігін кеңейту.	Сюжеттік-рөлдік ойын: «Дәрігерге барамыз» Міндеті: Балаларға медицина қызметкерлерінің: дәрігер, медбике мамандықтарымен таныстыру.	Д/ойын: «Отбасы мүшелерін ата» Міндеті: Отбасы мүшелерін атау (ата, әже, әке, ана, іні, әпке, аға, сіңілі, қарындас, т.б.). Өз жанұясы туралы әңгімелесуге үйрету.
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиеті «Жануарлар қысқа қалай дайындалады?» ертегісі 3 жас Міндеті: Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету. Сөздік қоры: жануарлар,	Дене шынықтыру (дене шынықтыру нұсқаушысының жұмыс жоспары бойынша) Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет Сюжеттік-рөлдік ойын: «Қысқы орманның тіршілігі»	Математика негіздері «Шарлар әлемі» д/ойыны. 3 жас Міндеті: Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы. Сөздік қоры: біреу, екеу,	Дене шынықтыру (дене шынықтыру нұсқаушысының жұмыс жоспары бойынша) Математика негіздері «Өлшемдер бойынша салыстыру» д/ойыны. 3 жас Міндеті: Салыстыру нәтижелерін ұзындығы	Музыка «Асық әуені» ырғақты ойын. 3 жас Міндеті: Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Сөздік қоры: асық. 4 жас Міндеті: Музыкалық-ырғақты қимылдар. Би

<p>қыс, көмек.</p> <p>4 жас Міндеті: Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу.</p> <p>Сөздік қоры: жануарлар, қыс, көмек.</p> <p>Математика негіздері «Қораптағы кәмпит» д/ойыны. 3 жас Міндеті: Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы. Сөздік қоры: аз-көп.</p> <p>4 жас Міндеті: Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Сөздік қоры: теңдік,</p>	<p>3 жас Міндеті: Сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану.</p> <p>Сөздік қоры: орман, үңгір, қорек.</p> <p>4 жас Міндеті: Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.</p> <p>Сөздік қоры: орман, үңгір, қорек.</p> <p>Математика негіздері «Өз орнын тап» д/ойыны. 3 жас Міндеті: Салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей,</p>	<p>үшеу.</p> <p>4 жас Міндеті: Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету.</p> <p>Сөздік қоры: біреу, екеу, үшеу, төртеу, бесеу.</p> <p>Дене шынықтыру (дене шынықтыру нұсқаушысының жұмыс жоспары бойынша)</p> <p>Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет Д/ойын: «Қыстың кереметі» ертегісі. 3 жас Міндеті: Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің</p>	<p>бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең. Сөздік қоры: ұзын-қысқа, бірдей, тең.</p> <p>4 жас Міндеті: 5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру. Кеңістікті бағдарлау. Сөздік қоры: бір, екі, үш, төрт, бес.</p> <p>Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет Артикуляциялық жаттығу Тас, тас, тасымал, Тасымалдап допты Тас домалап, тарс етеді, Доп дөңгеленіп кетеді. 3 жас Міндеті: дауыссыз (т-д,) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту.</p> <p>Сөздік қоры: тас, доп.</p> <p>4 жас</p>	<p>қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру.</p> <p>Сөздік қоры: асық.</p> <p>Математика негіздері «Жеміс бағында» д/ойыны. 3 жас Міндеті: Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы.</p> <p>Сөздік қоры: аз-көп.</p> <p>4 жас Міндеті: Бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету.</p> <p>Сөздік қоры: біреу, екеу, үшеу, төртеу, бесеу.</p> <p>Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет «Менің сөмкемде не бар?» д/ойыны.</p>
---	---	---	--	--

	<p>теңсіздік.</p> <p>Қоршаған ортамен таныстыру. «Сыңарын тап» д/ойыны. 3 жас</p> <p>Міндеті: Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру.</p> <p>Сөздік қоры: білезік, жүзік, тақия, шапан.</p> <p>4 жас</p> <p>Міндеті: Қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерімен таныстыру. Сөздік қоры: білезік, жүзік, тақия, шапан.</p>	<p>тең.</p> <p>Сөздік қоры: ұзын-қысқа, бірдей, тең.</p> <p>4 жас</p> <p>Міндеті: Кеңістікті бағдарлау. Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру.</p> <p>Сөздік қоры: алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен.</p>	<p>эмоционалды образын беруге баулу.</p> <p>Сөздік қоры: аяз, орман.</p> <p>4 жас</p> <p>Міндеті: Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу.</p> <p>Сөздік қоры: аяз, орман.</p> <p>Қазақ тілі «Төрт түлік пен олардың өнімдерін сәйкестендір» д/ойыны. 3 жас</p> <p>Міндеті: Төрт түлік атауларын дұрыс айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Сөздік қоры: төрт түлік, өнім.</p> <p>4 жас</p> <p>Міндеті: Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің,</p>	<p>Міндеті: Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу.</p> <p>Сөздік қоры: тас, доп.</p> <p>қолдана білуге үйрету</p>	<p>3 жас</p> <p>Міндеті: Зат есімдерді көпше түрде.</p> <p>Сөздік қоры: кітап, дәптер, сызғыш.</p> <p>4 жас</p> <p>Міндеті: Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдана білуге үйрету.</p> <p>Сөздік қоры: кітап-кітаптар, дәптер-дәптерлер, сызғыш-сызғыштар.</p>
--	---	--	--	---	---

			жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. Сөздік қоры: төрт түлік, өнім.		
Серуенге дайындық №1	Серуен №23. Балаларда өзіне қызмет көрсету дағдысының дамуын жетілдіру (өз шкафтарынан киімдерін шығарып, киіну реттілігін сақтау, дұрыс киінуді үйрену және досыңа киінуге көмектесу). (еңбек ойын әрекеті)				
Серуен №1	<p>Кешен №23 Бұршақты бақылау. (Қоршаған ортамен-танысу зерттеу ойын әрекеті) Міндеті: Бұршақ, домалақ ақ түсті болатыны туралы түсінік беру. Еңбек әрекеті: ағаш түбіне қар үю. Міндеті: Үйілген қардың маңызын түсіндіре отырып, еңбексүйгештікке үйрету. Қимылды ойын: «Торғайлар» Міндеті: Шапшандыққа, ептілікке баулау. Тез шешім қабылдауға үйрету.</p>	<p>Кешен №23 Аязды бақылау. (Қоршаған ортамен-танысу зерттеу ойын әрекеті) Міндеті: Қыс мезгіліндегі күннің суықтығы-аяз. Аяздан бетіміз бен қолымыздың тоңатынын, үсіріп алмау үшін қолғап пен мойын орауыш тағатынымызды түсіндіру. Еңбек әрекеті: Ауладағы қарды күреу. Міндеті: Балаларды бірлесіп жұмыс жасауға үйрету. Күректі дұрыс ұстауға үйрету. Қимылды ойын: «Аққала жасау» Міндеті: Балаларға қардың жабысқақтығын, қарды домалақтау әдісін</p>	<p>Кешен №23 Боранды бақылау. (Қоршаған ортамен-танысу зерттеу ойын әрекеті) Міндеті: Боран ұйытқып соққан желдің салдарынан, қыс мезгілінде болатын құбылыс екендігін көрсете түсіндіру. Еңбек әрекеті: «Таза жолдар» Міндеті: Ауладағы жолды қардан тазалау. Еңбекқорлыққа баулау. Қимылды ойын: «Байқап қал» Міндеті: Байқампаздыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу.</p>	<p>Кешен №23 Мұзды бақылау. (Қоршаған ортамен-танысу зерттеу ойын әрекеті) Міндеті: Мұзды көрсете отыра сипаттау. Қыс мезгілінде өзендер мен көлдердің бетін мұз басатындығы жөнінде түсінік беру. Еңбек әрекеті: Тайғанақ жерге құм себу. Міндеті: Балаларды бірлесіп жұмыс жасауға үйрету. Қимылды ойын: «Тышқан мен мысық» Міндеті: Шапшандылыққа, жылдам шешім қабылдауға үйрету.</p>	<p>Кешен №23 Бұлтты бақылау. (Қоршаған ортамен-танысу зерттеу ойын әрекеті) Міндеті: Қыста аспанды сұрғылт бұлт басады, бұлттың салдарынан қар жауады т.б. түсіндіру. Еңбек әрекеті: Көшедегі қар жинаушы машиналардың жұмысын бақылау. Міндеті: Қар тазалаушы машиналардың адам үшін пайдасының зор екендігін айту. Еңбекті дәріптей білуге үйрету. Қимылды ойын: «Мені қуып жет» Міндеті: Шапшандыққа үйрету. Денені ширату арқылы денсаулықты нығайту.</p>

		көрсете түсіндіру.			
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, шақфатарға салуы және қатарластарына көмек көрсетуі. Мәдени-гигиеналық дағдылар Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою)				
Түскі ас	Жасамас үшін ағаттық, Тыңда ақылды, қабылдап. Алдында ішер тамақтың, Қолыңды жу сабындап (көркем сөзін қолдану) Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағалау. Сөздік қоры: Рақмет.				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін қолайлы жағдайлар жасау, ертегі оқу немесе бесік жырын айту, ұйқыға арналған музыканы тыңдау. (ән тыңдау – шығармашылық әрекеті)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	№ 23 кешен: Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі). Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету Қызыл – жасыл гүлі бар, Жұмсақтығы мамықтай. Сүртінесің жалықпай, Тазалықтың досы Сүлгі деген осы. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы 4 жас (асхана аспаптарын, салфеткаларды салу) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою) Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз (көркем сөзін қолдану) Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағалау. Сөздік қоры: қолды жуу, сүлгі, ас болсын!				
Балалардың дербес іс-әрекеті	Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру	Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру Ойын: «Дәстүрлі қазақ»	Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру Ойын: «Ұйқыдағы аю»	Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру Ойын: «Алтын балық»	Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру

	<p>Ойын: «Алаша» 3 жас Міндеті: Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету. Сөздік қоры: алаша, ою-өрнектер.</p> <p>4 жас Міндеті: Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту. Сөздік қоры: алаша, ою-өрнектер.</p>	<p>сандығы» 3 жас Міндеті: Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы көрпе, алаша орамал және т.б. жасау. Сөздік қоры: сандық.</p> <p>4 жас Міндеті: Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру. Сөздік қоры: сандық.</p>	<p>3 жас Міндеті: Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді мүсіндеуге үйрету. Сөздік қоры: аю, қысқы ұйқы.</p> <p>4 жас Міндеті: Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру. Сөздік қоры: аю, қысқы ұйқы.</p>	<p>3 жас Міндеті: Қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету. Сөздік қоры: балық.</p> <p>4 жас Міндеті: Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Сөздік қоры: балық.</p>	<p>Ойын: «Көп қабатты үй» Міндеті: Өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату. Сөздік қоры: үй.</p> <p>4 жас Міндеті: Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау. Сөздік қоры: үй.</p>
Балалармен жеке жұмыс	Балалармен жеке жұмыс жеке карталарға сәйкес жүргізіледі: әңгіме, дидактикалық ойындар, сөйлеудің дыбыстық мәдениеті, байланыстырып сөйлеу, бейнелеу өнері арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту және т. б. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері)				

	<p>3 жас</p> <p>1.Абан Алтынай, 2.Жолдабек Жасмин, 3.Төлеген Ертуған, 4.Оразғали Батырхан, 5.Қожахмет Томирис 6. Тулеген Елдос 7.Нұғыман Мадияр</p> <p>Д/ойын: «Көрінбейтін затты тап»</p> <p>Міндеті: Балалардың заттардың атауын еске түсіруге үйрету. Көру арқылы есте сақтау қабілетін дамыту. (сөйлеуді дамыту – шығармашылық қызмет)</p>	<p>3 жас</p> <p>1.Дмитриева Афина, 2.Сағындық Нұрболат, 3.Амантай Жасмин, 4.Гараев Алан 5.Абзал Әлімұса 6.Базарбек Алихан</p> <p>Д/ ойын: «Кім қалай дыбыстайды?»</p> <p>Міндеті: Жануарлардың дауыстарын дұрыс тануға үйрету. Дыбыстарды дұрыс айтуға жаттақтыру. (сөйлеуді дамыту коммуникативтік қызмет)</p>	<p>4 жас</p> <p>1.Базарбекова Дария 2.Ғабиден Дінмухаммед 3. Тарғын Айдана 4.Хамитов Мансұр</p> <p>Д/ойын: «Түрлі-түсті саусақ іздері»</p> <p>Міндеті: Балалардың ұсақ моторикасын дамыту. Саусақ бояуымен жұмыс істеуге дағдыландыру. (сурет – шығармашылық қызмет)</p>	<p>4 жас</p> <p>1.Балябин Максим, 2.Қожахмет Мейірхан, 3.Жолдабек Нұрислам 4.Касымбекова Азалия</p> <p>Ойын: «Суретке қарап әңгімеле»</p> <p>Міндеті: Балалардың байланыстырып сөйлеу дағдысын дамыту. Сөйлем құрауға үйрету. (сөйлеуді дамыту коммуникативтік қызмет)</p>	<p>4 жас</p> <p>1.Айсина Адия, 2.Жақсылық Әлихан, 3.Касен Алиша,</p> <p>Д/ойын: «Жасырылған сөз»</p> <p>Міндеті: Жаңа сөздерді дұрыс айтуға үйрету. Сөздік қорын кеңейту. (сөйлеуді дамыту коммуникативтік қызмет)</p>
<p>Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмысы</p>	<p>Дид.ойын: «Жануарлар әлемі»</p> <p>Міндеті: Жануарлар мен олардың дыбыстарын таныстыру. Базарбекова Дария, Сағындық Нұрболат</p>	<p>Дид.ойын: «Түстер мен пішіндер»</p> <p>Міндеті: Түстер мен пішіндерді таныстыру, танымдық қабілеттерін дамыту. Сағындық Нұрболат Базарбекова Дария</p>	<p>Дид.ойын: «Мен не істей аламын?»</p> <p>Міндеті: Өз қабілеттерін тануына көмектесу, физикалық және ақыл-ой дағдыларын дамыту. Сағындық Нұрболат Базарбекова Дария</p>	<p>Дид.ойын: «Табиғатқа саяхат»</p> <p>Міндеті: Табиғатпен танысу, табиғат элементтерін (ауа, су, жер, өсімдіктер) тануды дамыту, сезімдерін шындау. Базарбекова Дария, Сағындық Нұрболат</p>	<p>Дид.ойын: «Көңілді пішіндер»</p> <p>Міндеті: Пішіндерді, түстерді тану мен шығармашылық қабілеттерін арттыру. Базарбекова Дария, Сағындық Нұрболат</p>

<p>Кешкі ас</p>	<p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендерді құрметтеу және еңбектерін бағалауды үйрету.</p> <p>Өзіне қызмет көрсету дағдыларын, ұқыпты тамақтануды, асхана аспаптарын қолдануды жетілдіру.</p> <p>Кезекшілік: кезекшілік бұрышындағы кесте бойынша. 4 жас</p> <p>Тақпақ: (сөйлеуді дамыту – танымдық, шығармашылық әрекеті)</p> <p>Жуын, жуын, жуынсақ,</p>
------------------------	---

	Қандай жақсы, қуыршақ! Әйтпегенде, бөпешім, Кірлеп кеткен екенсің. Қазір аппақ баласың, Қуанады анашың. Сөздік қоры: Ас болсын! Рақмет!				
№ 2 серуенге дайындық	Серуен №23. Балалар өзіне қызмет көрсету дағдысының дамуын жетілдіру (өз шкафтарынан киімдерін шығарып, киіну реттілігін сақтау, дұрыс киінуді үйрену және досыңа киінуге көмектесу) (физикалық белсенділігін дамыту)				
№ 2 серуен	Қоршаған ортамен танысу (зерттеу ойын әрекеті) №1 серуенді бекіту Қимылды ойын: «Күн мен жаңбыр» Міндеті: Балаларды табиғат құбылыстарын сезіне білуге үйрету. Сөздік қоры: күн, жаңбыр, көмектес, асықпа.	Қоршаған ортамен танысу (зерттеу ойын әрекеті) №1 серуенді бекіту Қимылды ойын: «Аңшылар» Міндеті: Жылдамдыққа, нысанаға дәлдеп тигізе білуге үйрету. Сөздік қоры: аңшы, доп, шеңбер, итерме, таласпа.	Қоршаған ортамен танысу (зерттеу ойын әрекеті) №1 серуенді бекіту Қимылды ойын: «Көбелектер бақалар» Міндеті: Балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру. Ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Сөздік қоры: батпақ, гүл, көбелек, бақа, асықпа, итерме.	Қоршаған ортамен танысу (зерттеу ойын әрекеті) №1 серуенді бекіту Қимылды ойын: «Көлеңке» Міндеті: балалардың қимыл-қозғалыс, ойлау қабілетін дамыту Сөздік қоры: байқа, күт, көмектес.	Қоршаған ортамен танысу (зерттеу ойын әрекеті) №1 серуенді бекіту Қимылды ойын: «Пингвиндер доп ойнап жүр» Міндеті: екі аяқпен секіруді күрделілендіру, екі аяқ арасына допты қыстырып алға жылжу. Сөздік қоры: доп, байқа, асықпа.
Балалардың үйлеріне қайтуы	Ата-аналармен жұмыс: Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескерту. Сөздік қоры: Сау болыңыз, Сау болыңыздар!				

Тексерілді: 03.02.25 жаснап, тексерілді;

көзес берілді: Камалова А.С